

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Конференция атауы:

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Название конференции:

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

Conference name:

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

Жинақ / сборник:

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

ISBN:

978-601-262-550-9

Секция:

IV.II «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН-АДАЛ АЗАМАТ»: ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТ-БАҒДАРЫ РЕТІНДЕ

Жинақтағы жариялану нөмірі:

№ 67

Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:

306 / 306-309

Автор(лар):

Сабидуллина Айзада Зайдоллаевна

Мақала атауы:

АЛАЯҚТЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

АЛАЯҚТЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛЫМЫСТАРДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Сабидуллина Айзада Зайдоллаевна

6B04202-Құқық қорғау қызметі білім бағдарламасының 1 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, заң магистрі, аға оқытушы **Идрисова Т.А.**

Алаяқтық қоғамға қауіпті қылмыстардың бірі. Осы әрекет арқылы адамға және мемлекетке көлемі үлкен шығындар әкелуі әбден мүмкін.

Алаяқтар жалғыз мақсатты көздейді-алаяқтық жолмен ақша немесе мүлікті иемденуді мақсат етеді. Олар адамдарды моральдық тұрғыдан қалай жаулап алуды, эмоциялық сезімдермен ойнауды және қорқытуды жетік меңгергендер қатарынан болып келеді. Олардың ішінде психологтар қаржы, экономика, сақтандыру және тағы басқа салаларды жақсы білетіндерден кездеседі.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1997 жылғы қабылданған кезеңнен бастап, бірнеше жылдың ішінде алаяқтық жасау бойынша жауапкершілікті ескеретін қағида бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Осы қағидаға енгізілген барлық жауапкершілік қылмыстық заңнаманың жақсы жағына қарай ізгілендіруі бағытында көрініс тапты.

Алаяқтық қазіргі таңда күрделі мәселелердің бірі болып табылатындығы бәрімізге мәлім. Біздің елімізде алаяқтыққа қатысты арнайы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылдың 3-шілдедегі 190-бабында көзделген шектерде жауаптылық тағайындалған. Яғни осы баптағы көрсетілген қандай да бір іс-әрекеттердің сәйкес келуі алаяқтыққа жол берілгендік болып есептеледі [1].

Бөтеннің мүлкін жымқыру арқылы адамдардың сеніміне кіріп олардың әлсіз тұстарын біле отырып көп пайдаға кенелетінін түсіндіре отырып жасалатын іс-әрекет түрі қылмыс болып танылады. Жоғарда атап өткеніміздей алаяқтық үшін жауаптылық барынша жазаның түрлері санаттарына орай өз деңгейіне қарай қарастырылған.

Алаяқтық жолмен пайда табуды көздеген адамдар үшін алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену – мүлкі тәркіленіп, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатындығы белгілі. Осыған қарамастан елімізде алаяқтық жолмен пайда табу мақсатында қомақты қаражаттың шетел асып кететіндігі, құқықтық сауаттылықтың төмендігінен деп білеміз. Сондықтан түсіндіру жұмыстарының жүргізілу барысында аса мән берілу керектігін байқатады. Алаяқтық адамдар тобында алдын ала сөз байласа отырып, адам өз қызметінің мүмкіншілігін пайдалана отырып, ақпараттық жүйені пайдаланушының әлсіздігін біле отырып алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен, мемлекеттік сатып алу саласында жасалған алаяқтық үшін қылмыстық жауаптылықтың маңызы зор. Қылмыстық топ жасаған немесе аса ірі мөлшерде, яғни айлық есептік көрсеткіштің бірнеше мың есе мөлшерінен асатын алаяқтық жасалса, ол үшін бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатындығы көзделген. Сонымен қатар, барлық жағдайда да қосымша жаза ретінде кінәлінің мүлкін тәркілеу жазасы қолданылады. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі заман талабына сай өмір сүруді

қалыптастырумен қатар, осал тұстарымыз да жоқ емес. Елімізде кең таралып отырған ең қауіптілердің бірі бұл-әлеуметтік желі көздерін өз мақсаттарында тиімді пайдалануы. Олар өз істерінің шебері, сол арқылы әртүрлі жолдармен мол пайдаға кенелуді көздейді. Олар аз уақыт ішінде немесе ұзақ уақыт аралығында алаяқтардың арбауына түсуі әбден мүмкін.

Көбінесе алаяқтар азаматтардың тез баюға деген ұмтылысымен ойнайды, әсіресе біздің заманымызда, айнала көптеген мотивациялық бизнес курстары бар кезде көндіру оңай. Алаяқтар осы жерде және дәл қазір шешім қабылдауды талап етеді - ойлануға уақыт жоқ екендігін ескертіп, олар жәбірленушіге әйтпесе өз мүмкіндігін мәңгілікке жіберіп алатындығын айтып оның ойлануына уақытта өткізбей әрекет етуіне жол сілтейді. Содан кейін адамдар күмәнді ұйымдарға ақша салады немесе «қара несие берушілерден» несие алады[2].

Банк қызметкерлері немесе жалған аккаунттар ашып әртүрлі пайда табу жолдарын үйрететіндігін түсіндіріп, барлық жағдайды түсіндіріп, енді қалғаны сіздің қадам жасауыңызда деген секілді сөздерді айтумен сендіріп, діттеген мақсаттарына жеткен әртүрлі жағдаяттар орын алып отырғандығы жоқ емес. Бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар да көптеп орын алуда. Ғаламтордың мүмкіншілігі жоғары, соны өз мақсаттарына тиімді пайдалануды күнкөрістің көзі етіп алған алаяқтарымыз да жоқ емес. Ғаламтордың мүмкіншілігінің күннен-күнге жаңартылған бағдарламалары алаяқтар үшін тиімді, қазіргі уақытта осы арқылы қылмыстың жасалуының да кең таралуының көрінісі. Қоғамдық қатынастарда соның ішінде әртүрлі байланыс операторы болсын, басқа да әлеуметтік желілер арқылы болсын жеке адам туралы ақпарат табуға болатынын білеміз. Біле тұра қажеттілік барысында ешқандай сақтық шараларынсыз жариялауға мәжбүрміз. Осының барығы алаяқтар үшін оңтайлы.

Сондай-ақ, алаяқтар тамаша спикерлер болып табылады; олар бір уақытта қандай құрылымдарды қолдану керектігін, қандай интонациямен сөйлеу керектігін және қандай хабарды жеткізу керектігін жақсы біледі. Мысалы, азаматтарға олардың қатысуынсыз берілген несие немесе ақша аударымы туралы хабарланады. Жәбірленуші қорқады, ұтымды ойлау қабілетін уақытша жоғалтады және бұл жерде «қамқор» әңгімелесуші көмектесе алатынын айтады - ол жай ғана деректерді беруі керек екендігін түсіндіріп, содан кейін банк бәрін реттейтіндей етіп көрсетеді.

Компьютер, смартфон, планшет арқылы кез-келген адамның кез-келген уақытта ақпараттық жүйенің, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы жасалатын алаяқтықтардың құрбанына айнала алатынын ескерту керек. Алаяқтар құрбаны болған адамдардың арыздарының көбін тексеру жұмыстарын жүргізу барысында экономикалық тергеу департаментінің қызметкерлеріне қылмыскерлерді анықтау қиынға соғып жатады, өйткені олар тек біздің елде емес, басқа елдерде шыққан алаяқтар екендігі анықталып жатады. Әсіресе шет мемлекеттерде отырып-ақ біздің еліміздің азаматтарын алдап, сеніміне кіру арқылы мол пайдаға кенеліп отырғанын және оларға шектеудің әлсіз екендігі жасырын емес. Instagram, Facebook, WhatsApp әлеуметтік желісі арқылы қылмыстар жиі жасалып жатады. Алаяқтардың үстінен алаяқтық жасап алданған сомманы қайта қайтаруға көмектесеміз деп алдап тағы да белгіленген сомманы аударсаңыз сізден кеткен сомма ақшасы толығымен қайтарылады деп алаяқтық жолмен арбауды жалғастыратындарда жоқ емес.

Төмендегі негізгі ережелер жеке қаржыңызды сақтауда көмектеседі:

-электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы келетін белгісіз сілтемелерді баспауға кеңес береді, әсіресе олар тегін немесе қолайлы шарттарда бірдеңе ұсынса;

-бейтаныс адамдарға жеке карта деректерін ашпау және оларды бейтаныс сайттарға енгізбеу, SMS хабарламалардан қауіпсіздік кодтарын бөгде адамдарға көрсетпеу қажет екендігін мамандар ескертеді;

-Интернеттегі кез келген ақпаратты, хабарламаларды, жарнамаларды сыни тұрғыдан бағалау, сондай-ақ достарыңыз бен туыстарыңыздың кенеттен мүмкін, күтпеген ақша сұрауы сіздің аккаунтыңызды бұзған алаяқтан келген болуы мүмкіндігі әбден мүмкін;

Әлеуметтік алаяқтарды екі үлкен топқа бөліп қарастыруға болады: біріншіден, жәбірленушімен іскерлік немесе еңбек қатынастарында болған адамдар; Екіншіден, жәбірленушімен іскерлік қарым-қатынаста болмаған тұлғалар деп алуға болады. Бірінші топқа қызмет бабын асыра пайдаланатын қызметкерлер жатады. Мысалы, техникалық персонал, кеңсе қызметкерлері, жеке күзет қызметкерлері, қадағалау және бақылау құрылымдарының қызметкерлері, ұйымдастыру мәселелерін шешетін тұлғалар. Екінші топқа интернет-технологиялар саласында үлкен білімі бар және негізінен өзіміздік ниетті басшылыққа алатын адамдар жатады. Бұл топқа сонымен қатар компьютерлік жүйелерде орнатылған қауіпсіздік шараларын жетік білетін, өздерінің кәсіби деңгейіне сенімді қарайтын кәсіби мамандар (хакерлер) кіреді. Хакерлер өз қызметінде жиі алаяқтық жоспарларын пайдаланады[3].

Интернет-алаяқтың жеке басын зерттеу маңызды. Интернет-алаяқтың жеке басын зерделеу құқық қорғау органдарына қылмыстық тергеп-тексеру барысында қылмыскерлердің күтілетін шеңберін тарылтуға, олардың мінез-құлқының әлеуетті үлгілерін әзірлеуге, кейінгі әрекеттерді болжауға және қылмысты шешу барысында тергеу әрекетінің бағытын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қылмысты барынша ашуда және оны сотқа ұсыну мақсатында дәлелдемелерді жинаудың жеткілікті жұмыс жасауын талап етеді.

Интернет-алаяқтықтың субъектілік құрамының ерекшелігі қылмыскерлердің жоғары білікті мамандар немесе жай ғана әуесқой болуы мүмкін екендігінде көрінеді. Интернеттегі алаяқтықты білім деңгейі мен әлеуметтік жағдайы әртүрлі адамдар жасайды. Осы орайда олардың криминологиялық жағынан зерделеу маңызды.

Алаяқтың стереотиптік бейнесі әдетте эмоционалды интеллекті төмен және басқа адамның сезімін түсіне алмайтын адамның бейнесі болып табылады. Алайда эмпатияның болмауы қылмыскерлердің басқаларды айла-шарғы жасауына кедергі келтірмейді. Олар жақсы психологтар, көбінесе сүйкімді және азаматтардың сеніміне оңай ие болып, олардың жанашырлығын немесе жанашырлығын тудырады.

Жалпы, интернет-алаяқтың тұлғасы ретінде келесі белгілермен сипатталатынын атап өткен жөн: әлеуметтік желі арқылы жасалатын алаяқтықты негізінен ер адамдар және 14 жастан асқандар жасайды. Қылмыскерлердің компьютерлік техникамен жұмыс жасаудағы білімі мен техникалық дағдылары өте жоғары деңгейде болуында. Сонымен қатар, интернет-алаяқтардың басым бөлігі логикалық ойлауы күшті, мәселелерді шешуге шыдамдылықпен қарайды, маңызды аналитикалық дағдыларға ие және көбінесе өздерінің кінәсін жоққа шығаруға болмайтын дәлелдерді көрсеткенде, олар тергеумен белсенді түрде ынтымақтасатындығын байқатады.

Ақпараттық жүйені пайдаланып, алдау, арбау арқылы ақшалы болудың ең көп таралған жері – сауда-саттық маңы. Әсіресе сұранысқа ие Instagram, Facebook, WhatsApp әлеуметтік желісі арқылы мұндай қылмыстар жиі жасалып жатады. Instagram, Facebook желілері алаяқтар үшін тиімді болуда қазіргі таңда. Киімдер, автобөлшектер, күнделікті тұрмыс заттарын сатып, талайдың ақшасын қалтасына басқан қылмыскерлер тұтынушылардың сеніміне қалай кіру керектігін ғана емес, онлайн-сауданың қыр-сырын да мықты меңгеріп алады. Одан басқа, азаматтардың құжаттарының көшірмелерін пайдаланған интернет алаяқ құрбандарының атынан онлайн-несие рәсімдеп, жәбірленушілер қарызға батып, ешқандай дәлелдеме ұсына алмаған соң несиені өздері төлеп отырған фактілер де аз емес. Тергеу барысында несиені онлайн рәсімделгені жәбірленушінің бір ғана аты-жөнін растау мақсатында қойылған сұраққа «да» деген сөзінің өзі жеткілікті болатындығын да білуге болады. Осы орайда әртүрлі алаяқтың құрбаны болған жәбірленуші тараптар көптеп кездеседі.

Пайдаланушылардың айтуынша, алаяқтар өздерінің құрбандарына телефон соғып, өздерін ұялы байланыс операторларының қызметкерлеріміз деп таныстырады. Олар әлеуетті жәбірленушіге абоненттің SIM картасының мерзімі өтіп жатқанын хабарлайды және оны

жаңарту үшін көрсетілген сілтеме бойынша өту керек. Осылайша алаяқтар банктік қосымшаларға, ресми шоттарға және басқа да жеке деректерге қол жеткізетіндігі расталған.

Егде жастағы адамдарға әсер ететін жалпы психологиялық әдіс - бұл билік тарапынан қысым жасау мақсатында жүзеге асырылады. Зейнеткерлердің басым бөлігі мемлекеттік органдар мен полицияға сенуге дағдыланған, сондықтан өзін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерімін деп таныстырған адам хабарласса, олар сенеді. Және олар мемлекеттік қызметкерге қауіпті қылмыскерді ұстауға көмектесуі туралы өтінішке, тіпті бұл ақша аудару немесе құпия ақпаратты беру болса да жауап береді. Егер адам күмәнданса, үкіметтің арнайы операциясына кедергі келтіргені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады деп қорқыту жолынан да тайынбайды. Интернет пен IT-технологиялардың дамуымен алаяқтар барған сайын шебер бола түсуде - олар барлық жаңалықтарды өздерінің пайдакүнемдік мақсаттарына пайдалану үшін зерттейді.

Банктің қызметкері ретінде өзін таныстырып, азаматтың шотында сақтаулы тұрған еңбек ақысын не депозитте тұрған қаражатын алдап алу мақсатында телефон арқылы әртүрлі тәсілдермен, соның ішінде құрбандарына шоттың, кодтың сандарын айтқызып, ақшаны өзіне аударып алатын алаяқтарда жиі кездесетін болды. Одан басқа, кейбір интернет бағдарламаларды самартфон не компьютерге құйып алған жағдайда олардың қаншалықты қауіпсіз екендігін білген жөн. Кейбіреулері, мысалы AnyDesk бағдарламасы арқылы, алаяқтар кез келген адамның банктік шоттарына оп-оңай кіріп, әр түрлі жөнелтілімдер жасау арқылы азаматтардың шоттарындағы қаражаттарын шешіп алып жататыны анықталып жатыр[4].

Әлеуметтік желілер арқылы жасалатын алаяқтардан қорғану жолдары қарапайым сақтық шараларын ұстану және де әлеуметтік желілерде ашықтан ашық жеке басы туралы кез-келген ақпараттармен бөліспеуді қолға алған дұрыс. Дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламауға, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеуге, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмауға, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпауға, кез келген сілтеме бойынша өтпеуге, спам хабарламаларға сенбеу. Осы талаптарды сақтау арқылы әрбір адам алаяқтардан өзін қорғауына болады. Заман талабына сай дамумен қатар олқылықтардың болатыны хақ. Сондықтан бұл мәселе бойынша да өз шешімін табатынына кәміл сенеміз. Жалпы, елімізде алаяқтық фактілері азайған. Бас прокуратураның баспасөз қызметінің статистикасына сүйенетін болсақ, елімізде 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша алаяқтық фактілері азайғандығы мәлім. Бұл ретте тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы санынан алаяқтық үлесі 30 пайызды құрайды. Еліміздегі президентіміздің бағдарламасы аясында атқарылған жұмыс аз емес, әлі де атқарылар істің жақсы көрсеткіштер көрсетуіне үлкен үміт артылуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 03.07.2014 ж. (2024 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)
2. Криминология, Е.Алауханов 2022 ж. Алматы, Жеті Жарғы
3. Криминология, О.Оразбаев., 2022 ж. Алматы, Жеті Жарғы
4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі ресми сайты